

«Бозтал ауылшының ЖОББМ» КММ – сі бойынша
2023 жылдың 6 қыркүйек күні өткен
ата – аналар жиналышсының
ХАТТАМАСЫ №1

Катысқаны: 11
Катыспаганы: 3

Күн тәртібінде:

Келісім бойынша қамқорлыққа беру туралы мәселені түсіндіру.

Жауапты: ДТІЖО Шайхудинова А.С.

ДТІЖО Шайхудинова А.С. сөз сөйлемді

Құрметті ата – аналар біздің мектепте сенімхат бойынша оқып жүрген оқушылар саны – 23. Кәмелетке толмағанның мүддесі үшін ата – ана жекелеген іс – әрекеттер жасауға (яғни сапарда еріп журуге, анықтамала алуға т.б.) басқа өкілеттік беруге құқылы, дегенмен ол ата – аналарды ата – аналық міндеттерін орындаудан босатпайды.

КР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы Неке және отбасы туралы Кодексінің бабына сәйкес өзінің мүдделеріне қашып келетін жағдайларды қоспағанда, әрбір баланың отбасында өмір сүрге және тәрбиленуге құқығы, өзінің ата аналарын білуге құқығы, олардың қамқорлығында болуға құқығы, олармен бірге тұруға құқығы бар. **Осы орайды ата ана құқықтары мен міндеттерін сенімхат бойынша беруге болмайды.** Ата ана міндеттерін орындаудан ата ана құқықтарынан айырылған (шектелген) кезде сот қана шеттедеі.

Кодекстің 122 – бабының 3 – тармағын ескере отырып қорғанышың немесе қамқорышың ата -аналарды әрекетке қабілетті және ата – ана құқықтарынан айырылмаған, бірақ оларды тәрбиелеуді жүзеге асыра алмайтын кәмелетке толмағандарға белгіленеді. Балаларды жақын туыстарына, бірақ туыстығын міндетті түрде растай отырып, **келісім бойынша қамқорлыққа беру туралы құжатты рәсімдеу қажет.**

Келісім бойынша қақморлыққа беру үшін келесі құжаттарды даярлау керек:

1. Нотариустың бекітуімен қамқорлыққа келісім алады
2. Ата анасы мен қамқорлыққа алатын адамдардың жеке күәліктерінің көшірмесі
3. Білім бөліміне келіп өтініш жазады
4. Психиатор мен наркологтан анықтама
5. Сотталмаған туралы анықтама КПСУ – дан
6. Кіріс туралы анықтама
7. Тұрмыстық үй жағдайының АКТ – сі

Келісім бойынша қамқорлыққа алушыларға үкімет тарапынан қаржылай көмек берілмейді.

Қаулы:

- 1) Келісім бойынша қамқорлыққа беру құжатын рәсімдеуді ата – ана мен қамқорлыққа алушы тарап өздері шешім қабылдайды (мектеп әкімшілігі мәжбурлемейді)
- 2) Тұрмыстық үй жағдайының АКТ – сін сынып жетекшілер даярлайды

Ата – аналар жиналышсының тәрайымы: *Шайх* А.С.Шайхудинова
Хатшы:
А.Колғанат

«Бозтал ауыларын ЖОБЕМ» КММ – сі бойынша
2023 жылдың 30 қазан күні еткен
ата – аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №2

Қатысқаны: 32
Қатыспағаны:

Күн тәртібінде:

- 1) I тоқсан қорытындысы. Жауапты: ДОІЖО Абыкеева Б.Қ.
- 2) 5 – 10 сынып оқушылары және 9 – 11 – сынып оқушылары тапсыратын мемлекеттік емтихан, ҰБТ туралы ақпарат. Жауапты: ДОІЖО Абыкеева Б.Қ.
- 3) PISA халықаралық оқушы қабілетін бағалау бағдарламасы туралы ақпарат Жауапты: ДОІЖО Абыкеева Б.Қ.
- 4) Күзгі демалыс кезінде оқушылардың өзін ұстаяу және қауіпсіздік ережелері. Жауапты: ДТІЖО Шайхудинова А.С.
- 5) Мектепшілік есепке алу. Жауапты: ДТІЖО Шайхудинова А.С.
- 6) Ата – аналарды қолдау орталығы туралы ақпарат. Жауапты: ДТІЖО Шайхудинова А.С.

I сұрақ бойынша ДОІЖО Абыкеева Б.Қ. сез сөйлемді.

- 2023 – 2024 оку жыларында 130 оқушы болған I тоқсаның соңында 127 оқушы аяқтады. Оның 20 «үздік», 53 «жақсы» деген бағамен I тоқсанды аяқтады. Тоқсан аяғында барлық сынныптардан бақылау жұмыстары алынып, пән бойынша мониторинг жасалды. Мектеп бойынша білім сапасы 62%. Сынып бойынша ең төмен білім сапасы 9 – сыныпта. (Себепсіз сабак босатқан сыннып туралы да ақпарат айттылды)

II сұрақ бойынша ДОІЖО Абыкеева Б.Қ. сез сөйлемді.

- Эр жыл сайын 9 – 11 – сынып оқушылары мектеп ішінде мемлекеттік емтихан тапсыратыны мәлім. 11 – сынып оқушыларын пән мұғалімдері ҰБТ-ға дайындық жұмыстарын II тоқсаннан бастайды. Алайда, онлайн форматта оқушылар өздігінен дайындала алатынын ескертеміз. ҚР Оқу – ағарту министрлігін жарлығымен 2023 – 2024 оку жыларында енгізілген жаңа өзгеріс бұл 5 – 8 және 10 – сынып оқушылары қазақ тілі пәнінен емтихан тапсырады.

III сұрақ бойынша ДОІЖО Абыкеева Б.Қ. сез сөйлемді.

- Биылғы оқу жыларында 15 жасқа толған оқушылар, яғни 10 – сыныптың барлық 9 оқушысы және 9 – сынып оқушысы Тайшыбай Қарылғаш PISA тапсырады. PISA – бұл халықаралық оқушы қабілетін зерттеу. Зерттеу мақсаты: міндетті оқуды аяқтауга жақын қалған білім алушылардың қоғамда толыққанды қызмет етуіне қажетті білім мен дағдыларын бағалау. Компьютер форматында тестілеу 60 минуттан тұратын 2 тест, 4 – бағыттың екі бағыты бойынша тест тапсырмаларын орындаиды.

IV сұрақ бойынша ДТІЖО Шайхудинова А.С. сез сөйлемді.

- Күзгі демалыс кезінде оқушылардың өзін ұстаяу және қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстарын, сыннып сафаттарын мұғалімдер өткізді. Оқушылардың тиісті құжатқа қолдары қойылды. Күзгі демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсіздігіне толықтай ата – ана жауап беретінін естерінізге саламыз.

V сұрақ бойынша ДТІЖО Шайхудинова А.С. сез сөйлемді.

- ҚР Оқу – ағарту министрлігі орта білім беру ұйымдарында мектепшілік есепке алууды жүргізу жөніндегі 2023 жылы 3 наурыз күні шыққан №61 бүйрекпен таныстырып өтейін.

МЕА үшін мыналар негіз болып табылады:

- 1) академиялық ұлгермеушілік;
- 2) отбасындағы жайсыздықтар;
- 3) қадағалаусыздық, панасыздық, қанғыбастық
- 4) мектептің Жарғысы мен мектептің ішкі тәртіп ережесін өрескел немесе бірнеше рет бұзу;
- 5) Сабакқа дәлелсіз себептермен жүйелі түрде қатыспау;
- 6) әкімшілік құқық бұзушылық жасау;
- 7) үытты заттарды, есірткі құралдарын, ішімдіктерді тұтыну, темекі шегу

VI сұрақ бойынша ДТІЖО Шайхудинова А.С. сөз сөйледі.

- Мектеп ұжымы, соның ішінде сынып жетекшілер ата – аналармен тығыз байланыс құру керек деген тұжырым бұрыннан бар. Биылғы оку жылында «Ата – аналарды қолдау орталығы» ашылады. Қандай да бір мәселе болса, орталықтың жетекшісі, яғни маған келесіздер. Туындаған мәселені шешуге тырысамыз. Сіздерді мектепке жиі шақыратын боламыз. Себебі, балаға тәрбие беру, жеке тұлға қалыптастыру процесіне Сіздерге де атсалысу қажет. Ата – ана, ұстаз болып балалармыздың қалыптасуына жәрдем етейік.

Қаулы:

- 1) Үйде оқушылардың сабак оқуын, емтиханға дайындалуын ата – аналар қадағалайды.
- 2) Күзгі демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсіздігіне толықтай ата – ана жауап береді.
- 3) Мектепішілік есепке алмау үшін құқықбұзушылықтың алдын алу
- 4) Ата – аналардың мектеп өміріне жиі араласу

Ата – аналар жиналышының төрайымы: *(Шайхудинова)* А.С.Шайхудинова

Хатшы:

(А.Колғанат) А.Колғанат

«Бозтал ауылшының ЖОББМ» КММ – сі бойынша
2023 жылдың 21 желтоқсан күні өткен
ата – аналар жиналышсының
ХАТТАМАСЫ №3

Қатысқаны: 18

Қатыспағаны:

Күн тәртібінде:

- 1) Ерте жүктіліктің алдын алу. Жауапты: ДТЖО Шайхудинова А.С.
- 2) Буллинг. Жауапты: мектеп психологы Аскарова М.Ж.

I сұрақ бойынша ДТЖО Шайхудинова А.С. сез сөйлемді.

- Ерте жүктіліктің негізгі проблемасы — жыныстық тәрбие туралы білімінің жеткіліксіз болуы, не болмаса тәрбиенің мүлдем жоқтығы. Қоңғаралық отбасыларда бұл тақырыпта әңгіме қозғалмайды, жабық күйде қалады. Бірақ бұл дұрыс емес. Бұл мәселеге әлеуметтік тұрғыдан қарағанда, қызы бала білім алу, жұмысқа орналдасу және карьера құру мүмкіндігінен айырылады. Ал жас жігіт әке атаныш, жауапкершілікті көтеруге асықпайды, көп жағдайда қыздар өздері жалғыз қалады да (егер ата-анасы көмектесетін болса, жақсы), жас ана тығырыққа тіреледі; білімі жоқ, жұмысы жоқ, баланы күтіп-багуға ақшасы болмайды. Осының бәрі жалғыз бір жас анаға ауыр болатындықтан, көп жағдайда аналар баласын балалар үйіне өткізіп жатады. Ал бұл өкінішке орай, ерте жүктіліктің салдарынан болатын жиі кездесетін оқиға.

Ерте жүктілік қауіпті ме?

Жүктілік кезінде ағза күштеген тәртіпте жұмыс істейді, жүрек қан тамыры, эндокриндік жүйе және ішкі органдарға үлкен жүктеме түседі. Бұның қыындығы — жасөспірімнің гормондық қайта құрылуы жүктілік қайта құрылуға жүктелгені. Жас аналарда көбінесе плацентарлық тапшылық, анемия, таксикоздар болады. Қызы балалардың ағзасы осындағы жүктемелерге әзір емес!

Егер қызы бала жыныстық қатынасқа ерте түссе, оның салдарын білуі тиіс. Осындағы өмірге ол дайын ба? Баланы көтеріп, өмірге әкеле ала ма? Егер ол ерте жүктілікке әзір болмаса, сақтанудың жолдары және құралдары туралы толық ақпараттануы қажет.

II сұрақ бойынша мектеп психологы Аскарова М.Ж. сез сөйлемді.

- Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, құдалау, мазалау дегенді білдіреді. Адамүйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке үшірауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай. Бірақ есінде болсын, ешкімнің сені ренжітүге немесе өзің жайлы жаман ойлауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ.

Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін?

Буллинг әр түрлі мағынаны білдіруі мүмкін. Ол:

- адамды мазактау, қорлау, соктығысу
- оның ақшасын не басқа заттарын тартып алу, оларды бұлдіру
- сол жайында өсек тарату
- оны елемеу немесе жекелету
- ренжітетін, жаман әзіл айтып, басқа адамдардың алдында ыңғайсыз жағдайға қою
- үршіп-соғу, тепкілеу, итеру немесе басқаша зақым келтіру
- қоқан-лоқы көрсету немесе қорқыту

Буллинг онлайн немесе телефон арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Олардың қатарына ренжітті хабарламалар мен суреттер, зұлым мінеп-сынаулар жіберу жатады. Бұлардың барлығы кибербуллинг деп аталады.

Біреу саған күш көрсетпей, қорлап, қорқытқан да сенің жаңыңца батады. Осындағы жағдайға тап болған адам түрлі жағдайларды басынан кешіруі мүмкін, атап айтқанда:

- уайымдау
- үйқының бұзылуы
- тәбеттің болмауы

- өзі жайлы жаман ойлау
- өз-өзіне физикалық зақым келтіру
- өлім туралы ойлау
- сабақ үлгерімдерінің нашарлауы
- ауыру
- “маған ешкім көмектесе алмайды” деп ойлау
- өзін жалғыз сезіну, уайымға берілу не ашулану
- қорку

Буллингтің белгілері:

- Күштің теңсіздігі
- Агрессия
- Ұзақ уақыт бойы іс- әрекеттердің қайталанбауы
- Жәбірленушінің әсершілдігі

Буллингтің түрлері:

- Физикалық
- Вербалды
- Корқыту
- Шеттету
- Бопсалау
- Мұлікті бұлдіру
- Кибер буллинг

Буллинг құрбаны:

- Физикалық кемістік, көзілдірік тағатын, құлағы нашар естітін, ДЦП ;
- Мінез ерекшелігі тұйық, ұялшак, сезімтал, мазасыз, сенімсіз, өзін- өзі сыйлауы төмен;
- Тұр әлпетінің ерекшеліктері: сепкіл, құлағы үлкен т.б.
- Әлеуметтік дағдылардың төмен дамуы- досы жоқ, ешкіммен араласпайтын бала.
- Мектеп қорқынышы- сабакты нашар оқитын т.б.
- Ауыратындар- кекеш, дислалия т.б.
- Жаңадан келген балалар.

Буллингті айыру белгісі:

- Мектепке немесе оқу орнына барғысы келмейді;
- Мектептен немесе оқу орнынан көніл- күйі түсіп келеді;
- Себепсіз жылау;
- Сыныптастары немесе топтағылар туралы ештеге айтпайды;
- Сыныптастарының немесе топтағылардың үйіне, туған күн кештеріне бармайды;
- Көп ауырады;
- Ақша көп сұрайды
- Көп сөйлемейді.

Суицидтік әрекетті болдырмау

- психологиялық қозу күшін бәсендету;
- суицидтік әрекетке итермелеген себепке психологиялық байлану дәрежесін азайту;
- әрекетті алмастыру механизмдерін қалыптастыру;
- өмір мен өлім туралы нақты, шынайы қатынас қалыптастыру

Ата- аналарға жадынама

Егер бала буллинг жағдайына түскенін мәлімдеп берсе, ата- ана сабырлы болып, ашуды көрсетпеуі қажет, өйткені ата- ана ашу мен мазасыздығын байқатуы- әлсіздіктің белгісі. Балаға оны түсінетінін жеткізе отырып оны жұбату қажет. Бәрін білгішсініп ақыл үретуден аулақ болу, өйткені баланың өзін- өзі бағалауы, өзіне деген сенімі одан ары қарай жоғалып кетуі мүмкін. Шұғыл түрде әрекет жасау: баланың көзінше мұғалімге телефон шалып сөйлесу. Мұғаліммен сұхбат жүргізу барысында өзін сабырлы ұстау (эмоцияларға ерік бермеу), дегенмен ата- ана ретінде балацызға жауапты екенін білдіре отырып келеңсіздіктерге жол бермейтінін жеткізу. Балаға зорлыққа жол бермейтінін көз жеткізу.

Ата-ана қамқорлығын сезген бала өз ойын басқага жеңіл аударады. Өзіне сенімділікті оята алады.

Буллингтің алдын-алуының психологиялық көрінісі:

Буллингті болдырмау шартын құру. Баланы сәйкес күйзеліс есерінен жылдам және сауатты бөлектеу. Дені сау және сол сияқты соматикалық немесе психикалық патологиясы бар балаларда және жасөспірімдерде қудалауға қарсы тұруға денсаулықтың және тұлғаның күшін нығайту. Әрбір адам өмір сүрге құқылы. Олай болса неге арамызда өз өлімінен бұрын өмірден озатын адамдар кездеседі? Қыншылыққа тәзбей өмірден өте салу оңай. Бірақ, осының артында қаншама қайғы-қасиret, мұң бар десенізші! Сондықтан да мұндай нәрседен аулак болайық!

Қаулы:

- 1) Ата – аналардың ұл – қыз арасындағы қарым – қатынас туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу.
- 2) Ата – ана мен мұғалімдер тарарапынан буллингтің алдын алу шараларын жүргізу.

Ата – аналар жиналышының төрайымы: *Шайх* А.С.Шайхудинова

Хатшы:

А.Қолғанат

«Бозтал ауылшының ЖОББМ» КММ – сі бойынша
2023 жылдың 29 желтоқсан күні өткен
ата – аналар жиналысының
ХАТТАМАСЫ №4

Қатысқаны: 26

Қатыспағаны:

Күн тәртібінде:

- 1) II тоқсан қорытындысы. Жауапты: ДОІЖО Абыкеева Б.Қ.
- 2) Тренинг. Жауапты: мектеп психологи Аскарова М.Ж.
- 3) Қысқы демалыс кезінде қауіпсіздік ережелері. Жауапты: ДТІЖО Шайхудинова А.С.
- 4) I жартышылдықтағы жетістіктер туралы ақпарат. Жауапты: ДОІЖО Абыкеева Б.Қ. және ДТІЖО Шайхудинова А.С.
- 5) Әртүрлі мәселелер

I мәселеге байланысты ДОІЖО Абыкеева Б.Қ. сөз сөйлемді

- 2023 – 2024 оку жылшының басында 122 окушы болған II тоқсанның соңында 120 окушы аяқтады. Оның 20 «үздік», 53 «жаксы» деген бағамен II тоқсанды аяқтады. Тоқсан аяғында барлық сыйнштардан бақылау жұмыстары алғыншыл, пән бойынша мониторинг жасалды. Мектеп бойынша білім сапасы 63%.

II мәселеге байланысты ДТІЖО Шайхудинова А.С. сөз сөйлемді.

- Жаңа жылдық мереке жақындаған сайын пиротехникалық бұйымдар көбейе түсүде. Осындай көзқызығарлық ойыншылтардың салдарынан қайғылы жағдайлардың орын альп жататыны бәріңізге белгілі. Пиротехникалық заттарды мүмкіндігінше қауіпсіз жерлерде қолдану керек. Жан-жағындың қауіпсіздігі үшін от шашуларды ату жоғарыға қарай бағытталуы тиіс. От шашуларды ережеге сәйкес, дұрыс пайдалана білу керек:

- жанып тұрған жарылғыш от шашуды ешқашан қолда ұзақ үстап тұрманыз;
- жанып тұрған жарылғыш от шашуды адамдар арасына тастамаңыз;
- жанып тұрған жарылғыш от шашуды жабық банкада, шелекте және құтыларда үстамаңыз;
- жанып тұрған жарылғыш от шашуды тек ашық ауда қолданыңыз;
- жанып тұрған жарылғыш от шашуга 15-20 метр қашықта болыңыз;
- пайдаланылмаған жарылғыш от шашуларды арнайы орамда сақтаңыз;
- пайдаланылмаған жарылғыш от шашуларды қалтаңызға салмаңыз.

Қыста балаларды жолдарда, су қоймаларында, ойын алаңдарында үлкен қауіп күтіп тұр. Бұған ауа - райы мен балалардың қызығушылығы, бос уақыттың болуы, ең бастысы ересектердің тиісті бақылауының болмауы ықпал етеді.

Қысқы демалыс кезінде окушылар өздерінің қауіпсіздігі мен деңсаулығын есте ұстасуы керек. Құрметті ата-аналар!

- 1.Балаларда жеке қауіпсіздік дағдыларын қалыптастырыңыз.
- 2.Балалармен әңгімелесіп, маңызды ережелерді түсіндіріңіз, оларды сақтау өмірді сақтауға көмектеседі.
- 3.Балаңыздың қайда және кіммен екендігі туралы үнемі хабардар болыңыз, балалардың болатын жерін бақылаңыз, қоғамдық орындардағы мінезд-құлық ережелерін үнемі еске түсіріңіз.
4. Кешкे (сағат 22-ден кейін) балаларға ересектердің еріп жүруінсіз көшеде шынуга тыйым салынады.
5. Балаларға алкоголь мен темекі өнімдерін сататын жерлерде болуга ТҮЙЙІМ САЛЫНАДЫ.

6. Балаларға бейтаныс адамдармен сөйлесуге, бейтаныс көлікке отыруға рұқсат берменіз; бейтаныс заттарға қол тигізу (күдікті адамдар мен заттар туралы ересектерге деруу хабарлау).

7. Балалардың су қоймаларының жанында болуына, мұзға шығуына тыйым салыңыз.

8. Балаларға қыста жаяу жүргіншілерге арналған Жол ережелері туралы ескертіңіз.

9. Балаларға жоғары вольтты желілердің, аяқталмаған және қираган гимараттардың жанында ойнауға рұқсат берменіз; Сізсіз дәрі-дәрмектерді қолдану; пышақтау, кесу, жарылғыш және жанғыш заттармен ойнау (отшашулар, отшашулар және т.б.).

10. Бала теледидар көріп, компьютерде жұмыс істеген кезде уақыт режимі мен ақпаратты бақылаңыз.

11. Есінізде болсын, балалар табиғи түрде немісірдің және сенімді. Балалардағы назар аударылады. Сондықтан, сіз балаңызға қарапайым мінез-құлық ережелерін қаншалықты жиғе еске салсаңыз, соғұрлым ол оларды есте сактайтыңыз және қолданады.

Балаңызға күнделікті өмір қауіпсіздігі ережелерін еске түсіру қажет.

Мұзда су айдындары болған кездегі қауіпсіздік ережелері.

Су айдындарындағы мұз жасырын және үлкен қауіп төндіреді. Өйткені, су объектілері біркелкі қатпайды, демек мұздың қалындығы өзгеруі мүмкін.

Су айдындарындағы мұз-бұл мұзда ойнауға немесе коньки тебуге шешім қабылдаған балалар үшін қауіпті аймақ, және тек жолды кесіп, мұзбен жүруді шешкендер.

Есінізде болсын – белгілі бір ережелерді білмей, мұзға шыға алмайсыз!!!

Сонымен, мұздағы мінез-құлық ережелерін тізімдейік:

- Ешбір жағдайда су қоймасының жұқа, жетілмеген мұзына шықпаңыз, егер ол бос болса және кейбір жерлерде су пайда болса.
- Қауіпсіз мұз-мөлдір, қалындығы кемінде 10-12 см.
- Сүтті ақ мұз мөлдірден екі есе әлсіз.
- Ең қауіптісі-мұздатылған қардан пайда болған мұрын тәрізді мұз.
- Егер сіз жалғыз болсаныз және сізге көмекке келетін ешкім болмаса, мұзға шықпаңыз.

Егер сіз кездейсоқ су қоймасының жұқа мұз бетіне түсіп, мұз жарыла бастаса, ең бастысы-сабырлы болыңыз. Дүрбеленге түспей, мүмкіндігінше қауіпсіз жерге келесі жолдармен оралыңыз: мұзда абайлап және жылдам жатып, қауіпсіз жерге жорғаланыз немесе аяғыныңды мұздан көтермей, ақырын сырғанау қадамдарымен баяу артқа қарай жүріңіз. Ешбір жағдайда мұздың үстінен секірменіз, сонымен қатар оның үстінен жүгірменіз.

III мәселе бойынша ДОІЖО Абыкеева Б.Қ. мен ДТІЖО Шайхудинова А.С. сөз сөйледі.

I – II тоқсанды олимпиададан, түрлі байқауларға, спорт жарыстарына қатысып орындарға ие болған оқушылар атанды. Маралатқа ие болған үстаздар да аталды.

Қаулы:

- 1) Үйде оқушылардың сабак окуын, емтиханға дайындалуын ата – аналар қадағалайды.
- 2) Қысқы демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсіздігіне толықтай ата – ана жауап береді.
- 3) Олимпиадаға, түрлі байқауларға, спорт жарыстарына балалардың белсенділік танытып қатысуын ата – ана тараپынан қамтамасыз ету

Ата – аналар жиналысының тәрайымы: *Шайхудинова* А.С.Шайхудинова

Хатшы:

А.Колғанат

«Бозтал ауылшының ЖОБЕМ» КММ – сі бойынша
2024 жылдың 26 наурыз күні өткен
ата – аналар жиналышсының
ХАТТАМАСЫ №5

Катысқаны: 34

Катыспағаны:

Күн тәртібінде:

- 1) III тоқсан қорытындысы. Жаупты: ДОЖО Абыкеева Б.Қ.
- 2) Көктемгі демалыс кезінде қауіпсіздік ережелері. Жаупты: сыншы жетекшілер
- 3) Әртүрлі мәселелер

I мәселеге байланысты ДОЖО Абыкеева Б.Қ. сөз сейледі

- 2023 – 2024 оку жылдарының III тоқсанда 118 оқушы аяқтады. Оның 18 «үздік», 53 «жаксы» деген бағамен III тоқсанда аяқтады. Тоқсан аяғында барлық сыншылардан бақылау жұмыстары алышып, пән бойынша мониторинг жасалдды. Мектеп бойынша білім сапасы 66%. Биылғы жылы 5 – 8, 10 – сыншы оқушылары қазақ тілі пәнінен аралық емтихан тапсырады. Емтихан өту кестесін, күнін сіздерге 4 – тоқсанда жібереміз.

II мәселеге байланысты әр сыншы жетекші ата – аналарды кабинеттеріне алыш кетіп, көктемгі демалыс кезінде қауіпсіздік ережелері туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Құрметті ата-аналар, мұғалімдер!

Балаларды қатаң бақылауыздар, оларды үлкендердің бақылауынсыз қалдырмаңыздар. Жолда жүру ережелері туралы тындау.

1. Мектепке келе жатып үлкен жолдың шетімен жүр.
2. Алдыңнан машина шықса жол бер. Тоқтап тұрған машинаның қасынан абайлас өт.
3. Жол үстінде ойнама, сырғанақ теппе.
4. Жер тайғақ болса, жолда абайла.
5. Ауылымызда тротуар жоқ, сондықтан жолдың он жақ шетімен жүр.

Судағы негізгі қауіпсіздік ережелерін оқыңыздар және есте сақтаңыздар:

- тек жабдықталған жағажайлар мен басқа да шомылуға арналған орындарда, ресми рұқсаты және күткәру қызметі бар жерлерде шомылыныздар;
- шомылу білмей белдеріңізден жоғары келетін суға кірменіздер;
- шомылу кезінде бір бірінізді көзден таса қылмаңыздар;
- жағадан алыш, қойылған белгіден ары жүзіп кетпеніздер;
- жүзе білмей, дөңгелекті, үрлемелі матрасты пайдаланбаңыздар;
- жүзіп келе жатқан катерлер мен қайықтарға жақында маңыздар;
- қайықтан, кепірден және кеме аялдайтын орыннан суға секірменіздер;
- суға көп шомылмаңыздар, аса тоныш және шаршап қалуларының мүмкін;
- тұнгі уақытта және мас күйлерінізде суға шомылмаңыздар.

Велосипед, скутер немесе мопед - кол жетімді, өте ынгайлы көлік құралдары, сондықтан олар лайықты табысқа ие, бұл көлік құралдарының иелері саны артып келеді. Мұндай көліктер, әрине, көліктен немесе мотоциклден ерекшеленеді, бірақ жол ережелері олар үшін бірдей маңызды. Сонымен қатар, мотоциклдер, мопедтер, велосипедтер мен скутерлер үлкен ептілік пен жылдамдыққа ие емес, соқтығысдан қорғаныс құралдары жоқ, жолда олар ең қорғансыз. Сондықтан мопед те, скутер де, велосипед те қозғалыстың барлық қатысуышылары үшін жоғары қауіптің көзі болып табылады.

Мотоцикл, мопед пен скутер үшін сіз келесі ережелерді білуініз керек:

- 1) 16 жасқа толған адам мотоцикл, мопед немесе скутер сияқты көлікті басқара алады.

- 2) Мотоциклмен, мопедпен немесе скутермен бос емес жолға шыққанда, жолдың ортасына баруға болмайды. Жол қозғалысы ережелеріне (ЖҚЕ) сәйкес мұндай көлік құралдары жол жиегімен немесе жүріс бөлігінің сыртқы жиегімен жүргуге міндетті.
- 3) Мопедпен немесе скутермен жүргенде, тіпті құндізгі уақытта фаралардың жақын сәулесі жануы керек.
- 4) Көлік құралын тек жүргізушіге де, жолаушыға да мотошлеммен жүргуге болады.
- 5) Көлік құралының рулін екі қолыңызбен ұстау керек.
- 6) Жолаушы ретінде бірнеше адамды өзінізбен бірге алыш жүргуге рұқсат етілмейді. Велосипедті балабақша жасынан бастап басқаруға болады, бірақ бұл қозғалыс аулалар мен саябақтарда болған жағдайдаған. Бұл көлік құралының менеджері велосипедші деп аталады. Бірақ мопед пен скутерді басқаратын адам қазірдің өзінде жүргізуші деп аталады. Жолға шыққанда велосипедшілерге арналған ережелер өзгереді. Жол қозғалысы ережелерінде велосипедті басқаруға 14 жастан бастап, ал мотоцикл, мопедті басқаруға 16 жастан бастап рұқсат етілгені анық көрсетілген.

Қаулы:

- 1) Үйде оқушылардың сабак окуын, емтиханға дайындалуын ата – аналар қадағалайды.
- 2) Көктемгі демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсіздігіне толықтай ата – ана жауап береді.

Ата – аналар жиналышының төрайымы: *Шайх* А.С.Шайхудинова

Хатшы:



А.Қолғанат

«Бозтал ауылдының ЖОБЕМ» КММ – сі бойынша

2024 жылдың 23 мамыр күні өткен

ата – аналар жиналысының

ХАТТАМАСЫ №6

Қатысқаны: 36

Қатыспағаны:

Күн тәртібінде:

1) 2024 – 2025 оку жылында мектеп формасына қойылатын талаптар. Жауапты: мектеп директоры Г.Т. Сергазинова

2) Ата – аналардың жазғы демалыс кезінде балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Жауапты: ДТІЖО Шайхудинова А.С.

3) Әртүрлі мәселелер

4) Жаңа форматта ата – аналар жиналысын өткізу. Жауапты: сынып жетекшілер

I мәселеге байланысты мектеп директоры Г.Т. Сергазинова сөз сөйлемді

- КР – ның 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңы мен «Білім туралы» Білім және Ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығында жазылған мектеп формасы туралы ақпаратпен таныстыруға рұқсат етініздер

Орта білім беру үйімдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар

5. Орта білім беру үйімдарының міндетті мектеп формасы (бұдан әрі – мектеп формасы) оқытуудың зايырлы сипатына сәйкес келеді. Мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірыңғай түс гаммасында жасалады, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етіледі. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалады.

6. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіледі.

7. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

8. Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде, күнделікті жейде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

9. Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

10. Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формага қосымша ақ жайдеден, қыздар үшін ақ түсті блузқадан құралады.

11. Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (крассовка, кеды) тұрады.

12. Мектеп формасына классикалық пішіндегі мектеп формасының негізгі түсіне сәйкес немесе керегар келетін галстук тігіледі.

13. Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды.

(Ұлдар мен қыздарға мектеп формасын алуға болатын киім үлгілері фотография түрінде көрсетілді (слайд). Мектеп формасының түсін ата – аналар бірауыздан келісіп анықтап алды)

II мәселеге байланысты ДТІЖО Шайхудинова А.С. сөз сөйлемді

Құрметті ата-аналар!

Балаларды қатаң бақылаңыздар, оларды үлкендердің бақылауынсыз қалдырмаңыздар.

Балаларға тек арнайы жабдықталған орындар мен жерлерде үлкендердің қадағалауымен тана шомылуға рұқсат етініздер.

Жолда жүру ережелері:

1. Мектепке келе жатып үлкен жолдың шетімен жүр.
2. Алдыңнан машина шықса жол бер. Тоқтап тұрған машинаның қасынан абайлаң өт.
3. Жол үстінде ойнама, сырғанақ теппе.
4. Жер тайғақ болса, жолда абайла.
5. Ауылымызда тротуар жоқ, сондықтан жолдың он жақ шетімен жүр.

Судағы негізгі қауіпсіздік ережелері:

- тек жабдықталған жағажайлар мен басқа да шомылуға арналған орындарда, ресми рұқсаты және құтқару қызметі бар жерлерде шомылыңыздар;
- шомыла білмей белдерініңден жоғары келетін суға кірменіздер;
- шомылу кезінде бір бірініңде көзден таса қылмаңыздар;
- жағадан алыс, қойылған белгіден ары жүзіп кетпеніздер;
- жүзе білмей, дөңгелекті, үрлемелі матрасты пайдаланбаңыздар;
- жүзіп келе жатқан катерлер мен қайықтарға жақындамаңыздар;
- қайықтан, көпірден және кеме аялдайтын орыннан суға секірменіздер;
- суға көп шомылмаңыздар, аса тоңыш және шаршап қалуларының мүмкін;
- тұнгі уақытта және мас күйлерініңде суға шомылмаңыздар.

Велосипед, скутер немесе мопед - қол жетімді, өте ыңғайлы көлік құралдары, сондықтан олар лайықты табысқа ие, бұл көлік құралдарының иелері саны артып келеді. Мұндай көліктер, әрине, көліктен немесе мотоциклден ерекшеленеді, бірақ жол ережелері олар үшін бірдей маңызды. Сонымен қатар, мопедтер, велосипедтер мен скутерлер үлкен ептілік пен жылдамдыққа ие емес, соқтығысдан қорғаныс құралдары жоқ, жолда олар ең қорғансыз. Сондықтан мопед те, скутер де, велосипед те қозғалыстың барлық қатысуышылары үшін жоғары қауіптің көзі болыш табылады.

Мотоцикл, мопед пен скутер үшін сіз келесі ережелерді білуіңіз керек:

- 1) 16 жасқа толған адам мотоцикл, мопед немесе скутер сияқты көлікті басқара алады.
- 2) Мотоциклмен, мопедпен немесе скутермен бос емес жолға шыққанда, жолдың ортасына баруға болмайды. Жол қозғалысы ережелеріне (ЖҚЕ) сәйкес мұндай көлік құралдары жол жиегімен немесе жүріс бөлігінің сыртқы жиегімен жүргүре міндетті.
- 3) Мопедпен немесе скутермен жүргендеге, тіпті қундізгі уақытта фаралардың жақын сәулесі жануы керек.

4) Көлік құралын тек жүргізушіге де, жолаушыға да мотошлеммен жүргүре болады.

5) Көлік құралының рулін екі қолыңызben ұстау керек.

6) Жолаушы ретінде бірнеше адамды өзіңізбен бірге алыш жүргүре рұқсат етілмейді.

Велосипедті балабақша жасынан бастап басқаруға болады, бірақ бұл қозғалыс аулалар мен саябақтарда болған жағдайдаған. Бұл көлік құралының менеджері велосипедші деп аталады. Бірақ мопед пен скутерді басқаратын адам қазірдің өзінде жүргізуші деп аталады. Жолға шыққанда велосипедшілерге арналған ережелер өзгереді. Жол қозғалысы ережелерінде велосипедті басқаруға 14 жастан бастап, ал мотоцикл, мопедті басқаруға 16 жастан бастап рұқсат етілгені анық көрсетілген.

Балалардың жарақат алу жағдайларын, оның ішінде электр тогының соғуын болдырмау үшін, сіздерден балаларды қауіпсіздік ережелеріне оқытуға ерекше назар аударуды сұраймыз.

Міне, осынау қағиданың негізгі талаптары:

- - электр шкафтарының, құрастырмалардың, қалқандардың есіктерін ашпау керек;
- - ТП мен РП-ға жақындауға немесе қол тигізуге, олардың ішіне кіруге, сондай-ақ шатырга көтерілуге болмайды;
- - кабельдік және әуе электр беру желілерінің құлаган және үзілген жалаңаш сымдарына жақындау және тиіспеу керек;
- - электр беру желілерінің астында ойнамау, «әуе жыландарын» жібермеу, кернеудегі электр қондырғылары мен жабдықтың жанындағы орындарды ойын үшін пайдаланбау;

- сымдарды есікпен, терезе жактауларымен қыспауга, оқшаулауга зақым келтірмей және қыска түйікталу болмас үшін сымдарды шегеге бекітуге болмайды;
- аспаптарда немесе сымдарда электр тогының бар-жоғын саусақпен тексеруге болмайды;
- балалардың розетканың жаңында ойнауды, оларға түйреуіштер мен шпилькаларды тығуға, сымдарды тартқылауга жол бермеу керек, өйткені бұл электр тогының согуына әкелуі мүмкін;
- құрылғыларды қосу және өшіру кезінде штепсельдік ашаны сымнан емес, пластмассалық қалыптан ұстай керек.

III мәселе бойынша ата – аналарға “Жаз мезгілінде балалардың бос уақытын қалай ұйымдастыруға болады?” деген сауалға бір - бірлеріне кеңес беру деген тапсырма берілді. Өкінішке орай үш – ақ ата – ана белсенділік танытып, өз ойларымен бөлісті. Балалардың бос уақытында ұлттық ойындарды (асық ату, тоғызқұмалақ) ойнатуға баулу керек деген ұсыныс айтылды.

Мектеп кітапханашысы А.Т.Секуова сөз сөйлемді:

- “Оқуға құштар мектеп” жобасы асында жазғы демалыс кезінде “Жазғы демалыс кітаппен” атты іс – шара өтеді. Бүгін балалар аз оқиды, сондықтан біздің негізгі міндетті жаз мезгілінде көлемді шығармаларды оқып, оларды келесі оку жылына қалдырмауды қадағалау. Баланың алдын-ала оқып, содан кейін ұмытып кетуінен қорқудың қажеті жоқ. Баланы еркін оқуға қызықтырыңыз. Егер кітап әлдеқашан оқылған болса, онда кейбір үзінділерді еске түсіріп, окушының жадындағы ақпараттарды жаңарту тиімді ішері үнемді. Оқу-бұл ең алдымен баланың кітаппен қарым-қатынасы, жеке іс-эрекетінің көрінісі. Бірақ егер бала сапарға шықса, аудиокітапты тыңдауға да рұқсат етіледі. Электрондық кітап форматы да мүмкін. Әрине, бұл төтенше шара, бірақ мектеп кітапханасында қажетті кітап жоқ, ал аудандық кітапханада оны тек он күнге беруге болады, содан кейін жазылымды ұзарту немесе кітап тапсыру қажет. Егер отбасы демалысқа кетсе, бұл өте ыңғайсыз. Мұндағы ұсыныс бір жақты: ең бастысы-шығармамен танысу, ал қағаз тасығыштан емесе электронды түрде бұл басқа мәселе.

Баланың үшін сәтті оқудың бірнеше ережелері бар:

1. Есінізде болсын, кітапты жаза ретінде қолданбаңыз. «Кітап оқы» деп Сіз баланың ойының үзе алмайсыз. Бұл жерде баланың өзі қалауымен оқылғаны маңызды. Ол үшін ата-аналар немесе тәрбиешілер сабактан тыс уақытта әртүрлі әдістерді қолданады. Мысалы, ересек адам оқи бастайды-баланы окуды жалғастыруды сұрайды; суреттің астындағы кішкене мәтінді окуды сұрайды, қалған мәтінді ересек адам оқиды; олар кітапты бүкіл отбасымен оқиды (әкем бастайды, анасы жалғастырады, бала аяқтайды).
 2. Баланың өз қалауымен оку үшін ересектерге мүмкіндігінше көп оку керек. Отбасында ереже орнатыңыз: ұйықтар алдында ересек адам міндетті түрде жарты сағат бойы қызықты кітап оқиды.
 3. Үйде (отбасында) оқылған кітаптарды талқылауды ұйымдастырыңыз (кім не оқыды, не қызықтырды, таңқалдырды, бөлісуге дайын). Бұл пікір таластарға баланың да қатысуы маңызды.
 4. Ұзақ сапарларда (автомобильде, поїздада, ұшақта) баланың аудиокітапты тыңдауға шақырыңыз. Онымен кейіпкерлердің қайсысы ұнағанын талқылаңыз, ол осы автордың кітабын тағы да тыңдағысы келетін сұраныз.
 5. Кітаптардың тізімі-ұсыныс ретінде болуы керек. Тек ата-ана ғана балаларының қалауын біле алады, сондықтан бұл тізімді пайдалануға немесе оны Сіздің баланың оқылғанды ұнраттың кітаптарымен толықтыруға құқылысыз.
- Сізге керемет демалыс тілейміз!
- Сіздің жазғы демалысыңыз тамаша сәттермен ұзақ уақытқа есте сақталсын

IV мәселе бойынша эр сынып жетекші жаңа форматта ата – аналармен жеке жиналыс өткізді. Түрлі тренингтер, ойындар өткізілді, балалардың ата – аналарына арналған хаттары оқылды, бала тәрбиесіне қатысты өмірлік тәжірибелерімен бөлісті, сонында алғыс хаттармен марарапатталды

Қаулы:

- 1) Үйде оқушылардың сабак оқуын, емтиханға дайындалуын ата – аналар қадағалайды.
- 2) Жазғы демалыс кезінде балалардың өмір қауіпсіздігіне толықтай ата – ана жауап береді.
- 3) Балалардың жазғы демалысы қызықты да мәнді өтуін ата – аналар ұйымдастырады.

Ата – аналар жиналысының төрайымы:  А.С.Шайхудинова

Хатшы:



А.Қолғанат